

Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи ресурстар  
министрлігінің

Орман шаруашылығы және  
жануарлар дүниесі комитеті

Төрағасының

2023 жылғы «24» ақпандағы

№ 24-5/24-НҚ

бұйрығымен бекітілген

№ 19 қосымша



**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар  
министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің  
«Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік  
мекемесі туралы  
ереже**

**1- тарау. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- Мекеме) табиғи процестерді, кәдімгі және бірегей экологиялық жүйелерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігі мен генетикалық қорын сақтау мен оларды табиғи күйінде және даму жағдайында зерттеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және республикалық маңызы бар заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеменің түрі- республикалық мемлекеттік мекеме.

3. Мекеме «Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 наурыздағы №249 қаулысына сәйкес құрылды.

4. Мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

5. Мекеменің мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган Қазақстан Республикасы Экология және табиғи

ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті болып табылады (бұдан әрі – уәкілетті орган).

6. Мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: республиканское государственное учреждение «Каратауский государственный природный заповедник» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

7. Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, 160400, Кентау қаласы, Уәлиханов көшесі, 17

## **2 - тарау. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі**

8. Мекеме ол мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі, сондай-ақ рәміздері бар.

10. Мекеменің уәкілетті орган тіркейтін, белгіленген үлгідегі паспорты бар.

11. Мекеме басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің қарауындағы ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жетіспеген жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы қосымша жауаптылықта болады.

13. Мекеме жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

## **3 - тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

14. Мекеме қызметінің мәні өзінің аумағында табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ТЕКСЕРІЛДІ



қауымдастықтарын, кәдімгі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерттеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

15. Мекеме қызметінің мақсаты:

- 1) кәдімгі және бірегей экологиялық жүйелерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігі мен генетикалық қорын табиғи қалпында сақтау;
- 2) табиғи процестердің дамуын табиғи қалпында зерделеу және экологиялық мониторинг жүргізу;
- 3) ғылыми ұйымдардың ұсыныстарына сәйкес мемлекеттік табиғи – қорық қорын және тарихи-мәдени кешендер мен объектілерді қалпына келтіру;
- 4) халыққа экологиялық білім беруді ұйымдастыру;
- 5) шаруашылық және өзге де объектілер жобаларының және оларды орналастыру сызбаларының мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысу болып табылады;

Мекемеге ережеде бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мекеме өзінің құзіретті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай негізгі қызмет түрлерін:

- 1) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының биологиялық саналуандығын қорғау және қалпына келтіру режимін қамтамасыз ету;
- 2) Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелерін, объектілерін зерделеу және олардың мониторингі жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;
- 3) экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізу;
- 4) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге объектілерді орналастыру жобалары мен схемалар мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысу.
- 5) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық – ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

17. Мекеме өзінің құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі қызмет түріне жатпайтын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады.

- 1) туристік соқпақтар, тамашалау алаңдарын, демалу алаңқайларын, көлік тұрақтарын, кемпингтер, шатырлы лагерьлер немесе оларды орналастыратын орындар; қонақ үйлер, мотельдер, туристік базалар, қоғамдық тамақтандыру, сауда және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басқаруындағы басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер немесе оларды орналастыратын орындар беру; ерекше қорғалатын табиғи аумақта құбырлар, электр қуатын беру



және байланыс желілерін, жолдары (ортақ пайдаланылатын жолдардан басқа) орналастыру жөнінде қызметтер көрсету; туристік құрал-жабдықтар беру;

2) мемлекеттік табиғи-қорық қоры, табиғи және тарихи-мәдени мұра объектілерінде, табиғат мұражайларында және жанды табиғат мүйістерінде болу және оларды зерделеу кезінде жолсеріктер, экскурсия ұйымдастырушылар, жол нұсқаушылар мен аудармашылар қызметтерін көрсету, кино, бейне және фото таспаларына түсіру.

3) пайдалануға берілген аумақтар мен объектілерді санитарлық тазарту және абаттандыру жөнінде, сондай-ақ өзге де ұйымдардың аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар жүргізу жөнінде қызметтер;

4) көлік қызметтерін көрсету;

18. Қызмет мақсаттарын орындау және негізгі қызмет түрлерін іске асыру үшін Мекеменің лауазымды тұлғаларының өздерінің құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен;

1) өзінің қызметі үшін қажет ақпаратты мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға;

2) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға;

3) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жүрген адамдардан осында болу құқығына берілген рұқсатты тексеруге;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын бақылау мақсатында табиғат қорғау мекемесінің және оның күзет аймағының аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың объектілеріне баруға;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда жеке заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұруға;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке немесе заңды тұлғалардың қызметін тоқтату немесе оған тыйым салу туралы сотқа талап арыз беруге;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынның мөлшерін анықтауға және осының негізінде кінәлі



тұлғаларға осы шығынды ерікті түрде өтеу туралы талап қоюға не сотқа талап арыз беруге;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайларда мемлекеттік инспекторлардың актілер жасауға және материалдарды шаралар қолдану үшін тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақта, оның күзет аймағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзуға адамдарды ұстауға және оларды құқық қорғау органдарына жеткізуге;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың, оның күзет аймағында көлік және суда жүзу құралдарын тоқтатуға, оларға тексеру жүргізуге;

11) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзған жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атыс қаруын, заңсыз олжалаған өнімді және оны олжалау құралын, көлік және суда жүзу құралдарын алып қоюға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы құралдар мен қызмет қаруын сақтауға, алып жүруге және қолдануға;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар.

14) Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы материалдарды заңнамада көзделген жағдайларда құқық қорғау органдарына жіберуге құқығы бар.

19. Мекемемен қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

20. Мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

#### 4 - тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

21. Мекемені жалпы басқаруды уәкілетті орган жүзеге асырады.

22. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен Мекемеге қатысты мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемеге мүлік бекітіп береді;
- 2) Мекемені ұстауға арналған міндеттемелер және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Мекемеге берілген мүліктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасайды;
- 4) Мекеменің Ережесін бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) Министрлікпен келісім бойынша мемлекеттік мекеменің директорын және оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;
- 6) Мекеме Басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны қызметінен босату негіздерін айқындайды;
- 7) Мекеме құрылымын және Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген штат санының лимиті шегінде Мекеменің штат кестесін бекітуге келісім береді;
- 8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мекемеге берілген немесе ол дербес шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алуға мүлікті алуға немесе қайта бөлуге келісім береді;
- 10) Мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Уәкілетті орган белгіленген құзіреті шегінде Мекеме қызметін бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Түркістан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы жүзеге асырады.

24. Мекеме басшысы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей уәкілетті органға бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және өз қызметі түрлерінің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікте болады.

Мекемеде ғылыми - техникалық кеңес құрылады, оның ережесі мен құрамы Мекеме басшысымен бекітіледі.

25. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаттарымен әрекет жасайды және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Ереже айқындайтын өзінің құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

ӨДІЛЕТ ДІПАРТАМЕНТІ  
ТЕКСЕРІЛДІ



26. Мекеме басшысы қызметін жүзеге асырғанда заңнамада белгіленген тәртіппен;

- 1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;
- 2) барлық ұйымдарда Мекеменің мүдделерін білдіреді.
- 3) заңнамада белгіленген жағдайларда және шекте мүлікке иелік етеді;
- 4) шарттар жасасады;
- 5) сенімхаттар береді;
- 6) заңнамада көзделген жағдайларда банк шоттарын ашады;
- 7) Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) уәкілетті органның келісімімен Мекеменің штат кестесін және құрылымын бекітеді;
- 9) өзінің орынбасарының және Мекеменің өзге қызметкерлерінің қызмет міндеттері мен өкілеттіктер шеңберін айқындайды;
- 10) уәкілетті органның номенклатурасы болып табылатын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 11) Мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар жариялайды;
- 12) өзінің құзыреті шегінде, Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтармен күресу жұмысын ұйымдастырады және осы жұмыстың жай-күйі үшін жеке жауапкершілікте болады.

#### **5 - тарау. Мүліктің құрылу тәртібі және мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру**

27. Мекеме мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құралады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Мекеме балансында көрсетілген өзге мүліктен тұрады.

28. Мекеме мүлкі оған жедел басқару құқығымен тиесілі болады және республикалық меншікке жатады.

29. Мекеменің оған бекітілген мүлік пен оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

30. Мекемені қаржыландыру:

республикалық бюджет қаражаты;

Мекеме рәміздерін пайдалануға рұқсат беруден алынған қаражат;

баспа, кәдесый және басқа да көбейтілген өнім өндіруден алынған табыстар;

ӨЗІНГІ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ТЕКСЕРІЛДІ

ақылы қызметтер көрсету;  
жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымдылық жасауы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту қорларының гранттары, қаражаты;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне залал келтірген жеке заңды тұлғалардан түсетін қаражат есебінен жүргізіледі;

31. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

32. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүргізу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **6 - тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

33. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

### **7 - тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**


34. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

### **8 - тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату**

35. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

36. Мемлекеттік заңды тұлға заң актірінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.





38. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың тарапынан қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

39. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың тарапы қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Басшы

Низзов Аскар Калыбарович

(Т.А.Ә)

(КОЛЫ)

ТЕКСТІҢ ОҚЫСЫНЫҢ  
ОДІБЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ТЕКСЕРІЛДІ